



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№25 (829) Сәрсенбі 21 маусым 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ АДАЛ АЗАМАТТАР ҚҰРАДЫ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді.

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күнгі негізгі жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа

жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекетіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер.

Президент отаншылдық,

адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

– Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ

қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендіше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізілуге тиіс екенін назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру; ұлттымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту; мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу; өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру; ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту; мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу; шекаралас аймақтарды дамыту; мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде маңызды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан жангерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаевты қабылдады.

Президент кездесу барысында өңірдің жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру, аймақ экономикасын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қатон-Қарағай, Марқакөл аудандарын қайта құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, шекаралас аумақтағы елді мекендерді жүйелі түрде дамыту қажет екенін айтты.

Президент облыс әкіміне коммуналдық инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, жылуэлектр стансаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жылыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде тапсырма берді.

«АҚМЕШТ ТӘТТІСІ» ЦЕХЫНДА ТӘУЛІГІНЕ 100 КЕЛІ КЭМПИТ ДАЙЫНДАЛАДЫ

Еліміздегі отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету мәселесі үнемі назарда. Өзімізде шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, соған сай тұтынушылар назарын барынша отандық өнімге бұру, Қазақстанда жасалған бұйымдар, құрал-жабдықтар, азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында елімізде түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Орасан зор экономикалық әлеуетінің арқасында өңірімізде жыл сайын ірілі-ұсақты бірнеше кәсіпорындар ашылып, зауыт-фабрикалар іске қосылып жатыр.

Солардың бірі – Қызылорда облысының бренд өнімдерінің қатарына қосылған «Ақмешт тәттісі» кәмпиттерін шығаратын кәсіпорын. Цехта тәулігіне 100 келі кәмпит дайындалады.

Кәсіп иесі Зәуре Ахметованың айтуынша, қазіргі таңда кәмпиттің апельсин, рокс, барбарис, соломка, лимон, дошес секілді түрлері шығарылады. «Ақмешт тәттісі» кәмпиті өз облысымызда ғана емес, өзге өңірлерде де сатылады.

– Бұл кәсіпті 2021 жылы бастағанда кәмпиттің 2-3 түрін ғана өндіретін едік. Кәмпит шығарудың өз қиындығы бар. Қоспаларының мөлшерін білуің керек, брендке айналған өнімнің өз дәмін беруің керек. Әрине соған арналған құралдарымыз, маманданған кондитерлеріміз бар. Бұл жобаны бастау үшін біз «Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығына» жүгінідік. 10 млн теңге көлемінде несие қаражатына «Ақмешт тәттісі» өнімдері ерекше және бірегей жарқын түрдегі жаңа қаптамамен шығарылатын болды. Болашақта өндіріс көлемін арттыруды көздеп отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Қазіргі таңда, цехта өндірілген өнімдері барлық аудандарда сатылуда. Жеке кәсіпкер өндірілетін өнім түрін кеңейтіп, тағы түрлі тәттілерді өндіріске қосуды жоспарлап отыр.

ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейіловтің төрағалығымен «Қала әкімдігі жанындағы қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру комиссиясының» өзекті отырысы өтті. Отырыс барысында

арнайы комиссия әкімдікке қала тұрғындарынан және №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан келіп түскен өтініштер негізінде сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған мүгедектігі бар адамдарға қорғаныштық

тағайындау, қорғаныштық тағайындау жөніндегі қала әкімдігінің қаулы қосымшаларын өзгерту және оларға тиесілі қаржыға қатысты мәселелерді қарап, қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен шешімдер қабылдады.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

16-18 маусым аралығында Астана қаласында қоян-қолтық ұрыстан ерлер мен әйелдер арасындағы VII әлем чемпионаты өтті.

Ж.Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайында үздіктер атағы үшін әлемнің 32 елінің спортшылары бақ сынасты. Қазақстан құрама командасының намысын ішкі істер органдарының қызметкерлері де қорғалды.

Әлемдік долада Сыр елінің намысын қорғаған Қызылорда облысы ПД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы полиция аға лейтенанты Ғайни Нұрмахан қоян-қолтық ұрыстан жүлделі III орынды қанжығасына байлады.

Міне, бүгін әріптестері әлем чемпионатының қола жүлдегерін ерекше құрметпен күтіп алды.

Спортшы полиция арнайы келген әріптестеріне алғыс айтып, ризашылығын білдірді. Өріптесімізді жеңісімен құттықтай отырып, спортта биік белестерді бағындыруына тілекестік білдіреміз! Келешекте де Сыр өңірінің намысын биікке көтереді деген сенімдеміз!

«Ел тілегі» ақпарат



ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТУРИЗМДІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы жаңа шаралар мен елдегі туризмді дамыту перспективалары талқыланды.

Премьер-Министр тұтынушылардың басым бөлігі сапасы төмен тауарлар саудасына, тауар бағасының көрсетілмеуі және дұрыс көрсетілмеуіне, интернет-дүкендерден ақшаның уақытылы қайтарылмауына шағымданып отырды. Осыған орай халықтың тұрмыс сапасын жақсартатын қолданыстағы ұлттық стандарттарды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу керек.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-Министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Аймақ басшысы биылғы жылдың 5 айында облыс бойынша тұтынушылар құқықтарының бұзылғаны туралы 114 өтініш түскенін атап өтті. Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жүргізген

тексеру қорытындысына қарағанда, бұл өтініштердің 87-і қанағаттандырылып, 2,1 млн. теңгенің қайтарылуына ықпал жасалған. Нұрлыбек Машбекұлы аймақта тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын арнайы үйлестіру комиссиясы құрылғанын айтты. Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысына әрбір тұтынушылардың көтерген мәселесін заң аясында қарау, олардың құқықтарын қорғау бағытында түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізу қажеттігін ескертті. Сонымен бірге облыстық қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты әзірленген мақалаларды әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялауды үйлестіру тапсырылды. Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне тұрғындардан түскен өтініштерді уақытылы әрі сапалы қарап, тұтынушылар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мақсатында арнайы дайындалған бірыңғай ақпараттық жүйесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру міндеттелді.

Үкімет отырысындағы екінші мәселеге орай өңірдегі тарихи-мәдени және демалыс аймақтарының жұмысын жетілдіру, олардың тазалығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар берілді.

Жиналыста күн тәртібінен тыс егін егу науқанының қорытындысы және егісті суармалы сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Жауапты сала басшылары вегетация кезіндегі егісті сумен тұрақты қамтамасыз етуге бөлінген лимитті толығымен алу керек. Мұнан бөлек, ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтау, егілген өнімді уақытылы жинап, тиімді пайдалану жөнінде тапсырмалар жүктелді.

Индекс: 65007–Республикалық «Ел тілегі» газетіне жазылу 6 айға бағасы – 2500 теңге

Индекс: 74023–Республикалық «Жарасымды Жануя» журналына 6 айға жазылу бағасы – 2850 теңге

Индекс: 76209–Республикалық «Білімді Ел – Қазақстан» ұстаздарға арналған журналына 6 айға жазылу бағасы – 5500 теңге



ҚҰРМЕТТІ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді ҚР медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймыз! Өмірінде медицина саласымен кездеспейтін адам жоқ. Өйткені, әрбірі ұзақ және белсенді өмір сүргісі келеді. Ақ халатты жандарға халық ең қымбатын – денсаулығын сеніп тапсырады, ал бұл дәрігерлерден заманауи білімді, жан-тәнімен беріліп жұмыс істеуді және ең көрнекті адам қасиеттерін талап етеді.

Айналаңыздағы адамдарға көрсеткен қамқорлықтарыңыз үшін, жүректіңіздің жылы үшін алғыс айтамыз. Сіздерге көптеген жақсы оқиғалар, табыстар, өркендеу және емделушілеріңізге аса жемарттықпен үлестіретін зор денсаулықтың бөлігін тілейміз. Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бақыт, береке, табыс және біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі бағытындағы қызметтеріңізге жетістіктер тілейміз!

Бұл мереке жанқиярлық еңбектеріңіздің қанышалықты маңызды және баға жетпес екенін әрқашан еске салатын болсын!

**Құрметпен,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының
директоры Исмаханбетов Бақыт Торғайбайұлы**

МӘМС

МҰНЫ БІЛГЕНІЗ ЖӨН



Медициналық сақтандыруға қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады? Егер жұмыс беруші қызметкер үшін МӘМС-ке төлемдерді жасамаса не болады? Осы және өзге де сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап береді.

- Мен жеке меншік иесімен жұмыс істеймін, бірақ ол мен үшін тиісті жарналар мен аударымдар жасамайды. Шұғыл түрде МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмек алуым қажет, шешімі бар ма?

- Егер жұмыс беруші сіз үшін міндетті тұрақты жарналар мен аударымдар жасамаса, онда ол Еңбек, әлеуметтік және салық саласындағы заңнаманы бұзады және бұл үшін жауапкершілікке тарту қарастырылған. МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу үшін сізге сақтандырылған мәртебе болуы керек. Ол үшін көрсетілген қарызды төлеу керек немесе 12 ай бұрын алдын ала төлеу керек.

- Егер адам басқа ЖСН -ге жарна төлеген болса, енгізілген күн немесе деректер қате болса, ақшаны қайтаруға немесе басқа мерзімге қайта төлеуге бола ма?

- МӘМС үшін төлемдерді басқа кезеңдерге қайта бөлу мүмкін емес, бірақ оларды қайтаруға болады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа өтініш жазып, төлемді растайтын құжаттарды тіркеу қажет. Мемлекеттік корпорациялар мекен-жайын gov4c.kz сайтынан табуға болады. Өтінішті қарау 15 жұмыс күнінен аспайды. Төлем қандай түрде жүргізілсе, дәл солай қайтарылады.

Мемлекеттік корпорация келесі себептер бойынша

ақшаны қайтармайды: өтініште банктік деректемелер қате көрсетілсе; өтініш ҚР ДСМ 2017 ж. 30 маусымдағы N478 бұйрығында бекітілген түрде жазылмаса; өтініште қайтару себептері қате көрсетілсе; өтінішке құжаттардың толық пакеті бекітілмесе; егер ақшаны қайтаруға ешқандай негіз болмаса; егер ақпарат мемлекеттік органдардың жүйелерімен расталмаса; егер қайтаруды ҚР аумағына уақытша келген шетел азаматы рәсімдесе (немесе шетел азаматының отбасы мүшесі).

- Жүкті әйел жұмыс істемесе, МӘМС жарнасын төлеу керек пе және қанша төлейді? Бала туылғаннан кейін қалай болады?

- Егер жүкті әйел жұмыс істемесе және бірінші жынытқ төлемді (БЖТ) төлемесе, онда ол МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдікті санатына кіре алады. Ол үшін тіркелген жері бойынша өз емханасына жүгініп, жүктілігі бойынша есепке тұруы қажет. Егер әйелдің МӘМС мәртебесі «сақтандырылмаған» болса, онда ол учаскелік дәрігер мен акушер арқылы есепке тұра алады. Босанғаннан кейін бұл әйел үш жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтіндер үшін басқа жеңілдікті санатқа кіреді және де мемлекет есебінен сақтандырылатын болады.

АДАМ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛУ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

«Ұрпақтың денсаулығы – ұлттың саулығы» деп бекер айтылмаса керек. Адам жанына араша болатын ақ халаттылардың жұмысы әрқаз елдің назарында. Сол себепті де дәрігерлік – жауапты мамандықтың бірі. Дәрігерлер үнемі білімін жетілдіріп, ізденіс үстінде болып, өз саласында ем жүргізудің барлық тәсілдерін жетік меңгеруі тиіс. Осы орайда, Қармақшы ауданына қарасты аудандық аурухананың бас дәрігері Бақытжан Сағилатұлымен сұхбаттасқан едік.

- Бақытжан Сағилатұлы мерекенізбен! Еңбектеріңіз жемісті болсын! Өңгімеңізді өзіңіздің еңбек жолыңыздан бастасыз?

- Рахмет! Мен өзім қармақшылықпын. Туған жерге қызмет етуді парызым деп білемін. 1971 жылы Жаңақала совхозындағы №185 мектепке қабылданып, 1981 жылы Қуаңдария ауылындағы №186 мектепті бітіріп шықтым. 1982-1989 жылдары Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік медицина институтын оқып, «хирург» мамандығы бойынша тәмамдадым. 1989-1990 жылдары Қызылорда облыстық аурухана базасында «хирург» мамандығы бойынша дәрігерлік интернатурадан өттім. Алғашқы еңбек жолымды 1990 жылы Қармақшы аудандық ауруханасының хирург дәрігері болып бастап, 1997-2000 жылдар аралығында аурухананың қан құю бөлімшесінің меңгерушісі, хирургия бөлімшесінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқардым. 2000-2003 жылдары Қармақшы аудандық емхананың бас дәрігері, 2003-2006 Қармақшы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, 2006-2014 жылдары аудандық емхананың бас дәрігері, 2014-2017 жылдары аудандық ауруханасының бас дәрігері, 2017-2019 жылдары аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары, 2019 жылдан осы уақытқа дейін аудандық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарып келемін. Ұзақ жылдар бойы денсаулық сақтау саласында тынбай еңбек етуімнің нәтижесінде 2013 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталдым.

- Ауыл аймақ, аудан халқының денсаулықтарына ем-шаралар жүргізілетін аудандық аурухананың бүгінгі жай-күйі қалай? Аудан бойынша қанша дәрігерлік амбулаториялық көмек көрсететін емхана бар?

- Аудан тұрғындарына медициналық көмек Қармақшы аудандық аурухана арқылы көрсетіледі. Құрамына 115 орталық аудандық орталық аурухана, 250 орындық қабылдау бар аудандық емхана, елді мекендерде орналасқан 6 – дәрігерлік амбулатория, 4 – фельдшерлік акушерлік пункт және 6 медициналық бекет кіреді. «Ауыл – Ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында аудандық аурухананың ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына жалпы құны 194,3 млн.тенге бөлініп, қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар «2021-2024 жылдарға арналған Қызылорда облысы бойынша денсаулық сақтау саласының экономикалық және бюджеттік саясатын жүзеге асыру» жол картасына орай осы 2023 жылы «Жаңажол» дәрігерлік амбулаториясының (жобаның құны 403,5 млн. тенге), «Тұр-мағанбет» дәрігерлік амбулаториясының (жобаның құны 436,7 млн. тенге), «Ақжар» дәрігерлік амбулаториясының (жобаның құны 438,7 млн. тенге), қазіргі таңда құрылысы басталды. 2024 жылы «Қуаңдария» фельдшерлік акушерлік бекетінің, «Қармақшы» фельдшерлік акушерлік бекетінің ғимараттарының құрылысын салу жоспарланған. 2022 жылы газбен жабдықтау ЖЖЖ жұмыс жобасы бойынша Жосалы кенті, Жолдыбаев көшесі, 8-үй мекен-жайында орналасқан «Қармақшы аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК 250 орынға арналған емханасы мен Абай 105 көшесінде орналасқан аудандық аурухана ғимараттары толық газдандырылды. Енді Қармақшы аудандық ауруханасына қарасты темір жолдың арғы бетіндегі емханасы (Шипагер) Тайшық би № 13 көшесінде орналасқан құрылымдық бөлімшесі үшін

жылу қазандығын қатты отыннан сұйытылған газге ауыстыру үшін (БМК салу ЖЖЖ жұмыс жобасы бойынша) 57286664 тенге мемлекеттік сараптамасы 29.04.2022 ж. №19-0135/22 (оң) қорытынды алынып, мемлекеттік сатып алу процедуралары жүргізілуде.

- Қазіргі таңда медицина саласына көңіл бөлініп келе жатыр, аурухананың қажетті аппараттармен толығымен жабдықтылығы көңілді көніптеді ме?

- Қазіргі таңда Медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуі 74,3 % құрайды. Ауруханаға 2021 жылы Эксперт УЗИ, отоакустикалық эмиссия және



туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020» бұйрығына сәйкес бақылауда және «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту

Диагностикасы, емдеу және алдын алу», «Ми қан айналымының жіті бұзылуы» тақырыбында семинар сабақтар ұйымдастырылып оқытылады. Аудан халқына қажеттілікке байланысты 2020 жылы «Рентгенология», «Функциональная диагностика», «Ревматология», «КТ» мамандықтары бойынша мамандарды мекеме есебінен қайта даярлықтан оқытты. 2020 жылы 18-дәрігер 141-мейіргер, 2021 жылы-19 дәрігер, 105-мейіргер, 2022жылы 14-дәрігер, 112 мейіргер, 2023 жылы 3-дәрігерлер, 22-мейіргер маман білім жетілдірді. Қазіргі таңда 16 жоғары санатты дәрігер, 27-бірінші санатты дәрігер, 13-екінші санатты дәрігерлер, 172-жоғары санатты мейіргер, 51-бірінші санатты мейіргер, 30-екінші санатты мейіргер халыққа қызмет жасап отыр.

- Бақытжан Сағилатұлы медицина саласында өзіңізді қандай өзекті мәселелер толандырады?

- Бірінші маман тапшылығы мәселесі, оның ішінде тар буынды мамандардың жетіспеушілігі. Бұл ретте айта кететін жайт, жалпы тәжірибелік дәрігерлермен қамтамасыз ету, ауылға тарту бойынша ешқандай қиындық жоқ. Облыс бойынша аудандық деңгейде жалпы тәжірибелік дәрігерлермен қамтамасыз ету 100 пайыз. Ал тар буынды мамандардың резидентурадан кейін аудандарға бару мәселесі өте өзекті болып отыр. Осы ретте, резидентура бітірген тар буынды мамандарды аудандарға барып қызмет жасауды міндеттеу немесе арнайы әлеуметтік қолдау шаралары арқылы тарту мәселесін алға тартқым келеді.

Екінші мәселе бұл ауыл тұрғындарын МӘМС-ке тарту қажет. Ауыл тұрғындарының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне (МӘМС) аз қатысуы мәселесіне келетін болсақ, оны да шешу қажет. Бірақ мәселені кеңірек қарастыру керек, өйткені бұл ауылдық жерлердегі экономикалық жағдайға байланысты. Жалпы жергілікті әкімдіктер ауылдағы жұмыссыздық пен бейресми жұмыспен қамту деңгейі төмендету бойынша жұмыс істеуі қажет. Адамдарды көлнекі экономикадан шығару керек. Бұған «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бағытталған, оның шеңберінде ауылдық жерлердің тұрғындарын қолайлы шарттар бойынша шағын несиелеу көзделді. Кредиттеу мөлшері 8 млн. тенгенден асады, мөлшеріме 2,5% деңгейде тіркелген.

- Дәрігер ретінде тұрғындарға қандай еңбек айтар едіңіз?

- «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бастар едім, ол дегеніміз салауатты өмір салтын ұстану, уақытылы скрининг тексерулерден өтіп, аурулардың ерте сатысында анықтап, асқындырмай ерте емделу. Жоғарыда айтылғандай сыртқатанушылық арасында ең басым болып тұрған аурулардың алдын алудың жолы үнемі жагтығулар жасау. Денсаулықты сақтау үшін күніне 30 минут жагтығу, серуендеу немесе жүгіру жеткілікті. Дұрыс тамақтану, салауатты салмақты сақтау. Егер салмақтың тым жоғары немесе төмен екенін байқаса, мамандарға тексерілу қажет. Сулы жеткілікті мөлшерде ішу. Демалу және жеткілікті ұйқы туралы ұмытпау. Жас аналарға берер кенесім жүктіліктің алдында предгравидарлық дайындықтан өтіп, өз денсаулықтарының жақсы болуын қадағалап, болашақ туылатын балалардың денсаулығын ойласа екен дегенім.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Зибаш ӘЛІ



СМАД, Холтер аппараттары алынды. Ал, 2022 жылы науқастың монитори, шприц сорғысы аппараттарын алынып және аудандық орталық ауруханаға КТ (компьютерлік томография) алу үшін Республикалық бюджеттен 181,8 млн.тенге бөлініп, пайдалануға берілді. 2023ж. Наурыз айынан бастап іске қосылып, жұмыс жасауда. Күніне орташа есеппен 17-20 пациент тексеруден өтуде.2023-2025 жылдары ЭКГ, кардиомонитор, операционный светильник, ИВЛ аппараттарын сатып алу жоспарға енгізілді.

- Маман тапшылығы бар ма? Бұл мәселе қалай шешімін тауып жатыр? Ауданда медикелердің қамтылуы қай деңгейде?

- Қазіргі таңда аудандық ауруханаға травматолог дәрігері, жалпы хирург дәрігері, балалар хирург дәрігері, уролог дәрігері, эндокринолог, акушер гинеколог дәрігерлері қажет. Осы орайда еңбек биржасына қажетті мамандарды жаярылап, былығы оқу бітіріп жатқан жас мамандарды шақыру мақсатында С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің, Қазақстан-Ресей медициналық университеті М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне «Бос орындар жәрменкесі» шараларына қатысты. 2020 жылы-10 дәрігер, 2021 жылы- 3 дәрігер, 2022 жылы - 2 дәрігер және 2020 жылы-19 мейіргер, 2021 жылы-10 мейіргер, 2022 жылы - 7 мейіргер дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша үймен қамтылды. Ауданда медикелердің қамтылуы 100%.

- Қазіргі таңда ауданда тіркелген қанша науқас бар? Жалпы, Қармақшы ауданындағы 9 ауылда тұратын тұрғындардың арасында қандай сыртқа түрлері орнп тұр?

- Қазіргі таңда ауданда 6014 науқас «Д» есепте тұрады. Барлығы «Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Қазақстан Республикасының Ата Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып саналады.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелігі деп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның Жаңа Қазақстан құру жолында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады.

Конституцияға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары бірдей қорғалады, оларға кепілдік беріледі және ешкім айыра алмайды. Нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталып, Соған сәйкес, республика азаматтары құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Олардың құқықтары мен бостандықтары, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалуға. Сонымен қатар, әр адамның құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына және білікті заң көмегіне алғашқы кезінде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Ата Заңымызға сәйкес, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе басқа да жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Ар-ождан бостандығы құқығы белгілі бір міндеттемелерге байланысты шектемеуге тиіс. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесуі бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар

партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс екені көрсетілген.

Мәселен, бас құжатта сот пен судьялардың жұмысын реттеп, жүйелеудің тетігі жасалған. Сот арқылы азаматтарды мінсіз қорғау, қауіпсіздігін сақтау, мүддесін таптатау мақсаты көзделген. Мәселен Конституцияның 14-бабының бір тармағында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» екені белгіленген. Бұл халықтың өзіне деген сенімін арттырып, құқығын мемлекет қорғайтынын нақтылайды.

Сонымен бірге, осы баптың екінші тармағында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп шегеленіп көрсетілді. Бұл да өркениетті, құқықтық мемлекетте адам құқығының басты назарда екенін дәлелдейді.

Ата заңымызда соттар мен сот төрелігінің жұмысы VII бөлімге жинақталған. Мұндағы 75-бап «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратынын» нақтылайды. 77-бап арқылы мемлекеттегі сот төрелігінің маңызы мен мәні белгіленген. Онда көрсетілгендей «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады», бұған қоса осы баптың екінші тармағы

«Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейтінін» заңдық тұрғыдан бекіткен.

Жалпы алып қарасақ, сот – сөйлейтін заң. Себебі даудың ақ-қарасын ажыратып, тура төрелік ету тапсырылған судья өзінің әділ шешімі арқылы халықтың сотқа ғана емес, мемлекетке деген сенімін қалыптастыруы міндет.

Азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғап, елде заң үстемдігін орнату үшін отандық сотта түрлі реформалар қолға алынды. Соның ішінде алқабилер сотының енгізілуі, «Медиация туралы» заңның қабылдануы, мамандандырылған соттардың пайда болуы, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың күшейтілуі, жария-құқықтық дауларды сапалы шешу үшін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы секілді бастамалардың барлығы саланы жаңа биікке көтеріп, жұмысын жандандырды. Ең бастысы халықтың сот қызметіне деген сенімін нығайтып, сот құрылымына үлкен өзгеріс, оң нәтиже әкелді. Мұның барлығы заң үстемдігі тұжырымдамасы ешкімнің заңнан жоғары бола алмайтындығын, заң алдында бәрі тең екенін айқындайды.

**Б. ИСАҒАБЫЛОВ,
Жалағаш аудандық
соттың бас маманы**

ЗАҢНАМАНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Байқоңыр қалалық сотында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға Байқоңыр қалалық сотының төрағасының міндетін атқарушы М.Оспанов, судья Е.Шевцова, қала прокурорының орынбасары Е.Мусаев, ҚР ІІМ Байқоңыр қаласындағы өкілдігі тергеу бөлімінің бастығы Н.Беркімбаев, криминалды полиция бөлімінің бастығы А.Баймаханов, пробация бөлімінің бастығы А.Танбаев қатысты.

М.Оспанов өз сөзінде аталған заңнамаға сәйкес, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас, яғни азаптау белгілері болмаған кезде лауазымды адамның немесе ресми түрде әрекет ететін адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнісіз келісімімен басқа адамның тән зардабын және психикалық зардапты қасақана келтіруі - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын атап өтті.

Е.Шевцова өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге келергі жасайтын өзге де ауыр наукастан зардап шегуші адамға сот жараны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануы мүмкін не оны сот жазаны өтеуден босатады немесе науқасының сипаты, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырылуы мүмкін екендігін атап өтті.

Дөңгелек үстел барысында заңнамадағы жазаны өтеу мәселелеріне қатысты өзгерістер, ҚК-нің 46-бабының жаңа редакцияда қолданылу мәселелері көтерілді.

Шара соңында тақырып аясындағы баяндамалар жан-жақты талқыланып, заңнамаға енгізілген өзгерістер аясында қатысушылар өзара пікір алмасты.



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ МАМАНДЫҚ

Хатшы қызметінің тарихы сонау тереңнен бастау алады. Өткеннен алынған сабақтың болашаққа бағдар болуында хатшылық қызметтің маңызы зор. Соны түсінген хандар мен билеушілер кезінде жанынан жылнамашыны тастамаған.

Ерлікті – мұра, билікті – өнеге ету үшін заманының таңдаулы оқиғаларын тасқа басып, тарихқа қалдыруды жылнамашыларға тапсырған. Өз дәуірінің айтулы оқиғаларының айна-қатесіз, ұрпақтан ұрпаққа өзгергішсіз қаз-қалпында жетуі осы хатшылардың жазу шеберлігі мен зердесіне байланысты болды.

Сол жылнамашылардың маңызды қызметін бүгінде х а т ш ы л а й ы қ т ы жалғастыруда. Соның ішінде сот тарихын түзетін, сот хаттамаларын дайындайтын сот хатшыларының қиын да жауапты жұмысы туралы айтып кетуге болмайды.

Сот отырысы хатшыларына да қойылатын міндет пен талап аз емес. Олардың қызметтік функциясы тараптар күнделікті қою болып жүргендей тек сот залында отырып хаттама түзумен шектелмейді. Сот отырысының ортақ тәртіпке сай, ешбір кедергісіз өтуі тиянақтылықты, жауаптылықты қажет етеді. Сот залындағы мінсіз қызмет сот хатшылары атқаратын жұмыстың беткі, тараптарға көрінетін жағы ғана. Ал көпшілік біле бермейтін қызметі бұдан гөрі ауқымды. Соның ішінде сот отырыстарын ұйымдастыру, сот қатысушыларын шақыру, олардың әр процеске кешікпей келуін қамтамасыз ету, сот отырыстарында тәртіптің бұзылуына қадағалау сот отырысы хатшыларының негізгі міндеттерінің бірі. Төрелік алаңына келгендер сотқа байланысты сауалдарының жауабын хатшыларының алады. Мұның өзі хатшыларды құқықтық жақтан білімін үнемі жетілдіріп отыруға, сауалдарға нақты жауап беруге итермелейді.

Сот отырыстарында небір даулы істер қаралады. Ел білетін, жұрт қадір тұтатын

азаматтардың да сотқа ісі түсуі ету үшін заманының таңдаулы оқиғаларын тасқа басып, тарихқа қалдыруды жылнамашыларға тапсырған. Өз дәуірінің айтулы оқиғаларының айна-қатесіз, ұрпақтан ұрпаққа өзгергішсіз қаз-қалпында жетуі осы хатшылардың жазу шеберлігі мен зердесіне байланысты болды.

Сот отырысының хатшысы сонымен бірге хаттаманың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді. Өйткені, бұл сот алаңында қаралған әрбір істің ресми жылнамасы. Әрине, хаттама дайындауға бұрынғы қиындықтардың барлығы қазір арта қалды. Жаңа технологиялар енгізіліп, сот отырыстары толықтай дыбыс-бейнетаспаларға жазылатындықтан хатшыларға енді қатысушының сөзін хатқа тізіп, толық хаттама әзірлеудің қажеттілігі жоқ. Бүгінде тек қысқаша хаттама жазылып, мұрағатқа таспамен бірге сақталады. Сот хатшысы хаттамадағы мәліметтерді бұрмалауға, қате деректерді енгізуге қажысы жоқ. Бұл үшін арнайы жауаптылық қарастырылғаны ұмытауымыз керек. Сот отырысының қатысушылары кез келген уақытта осы таспамен сұратып, сот отырысын көріп таныса алады. Мұндай жаңашылдық сот хатшыларының жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықтан құтқарды. Өз бетінше ізденуіне, тәжірибесін шындауына ықпалын тигізді.

**А.ЖАҚЫПБЕК,
Қармақшы аудандық
сотының жетекші маманы**

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕДОМСТВАЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҚ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әділ сот аясында заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты қадамдарды атап көрсетті. Осы тұрғыда сот жүйесін реформалау бағытында азаматтық сот ісін жүргізуде түбегейлі өзгерістер болды.

Барлық соттар үшін ортақ болып соттардың азаматтық істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қарау құқығы табылады. Алайда соттар заңнамамен оның құзыретіне жатқызылған істерді ғана қарауға және туындаған дауларды шешуге құқылы. Осыған байланысты азаматтық істерді мәні бойынша қарауға қатысты өкілеттіктерін нақты анықтау қажеттілігі туындайды, оған соттылық ережелері арқылы қол жеткізіледі.

Соттылық – бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша соттар арасында болуы, яғни азаматтық істі қарауға тиісті нақты сотты белгілеу. Өзінің келісімінсіз ешкімге ол үшін заңда көзделген соттылық өзгертілмейді. Сол себепті соттылық азаматтық процесте өте маңызды институт болып табылады, өйткені судья талап қоюды (арыз) қабылдау және азаматтық істің жалпы юрисдикция соттарына бағынатындығын анықтау арқылы қай соттың соттылығына жататындығын шешеді.

Азаматтық іс егер тараптардың бірі жеке тұлға болып табылса, талап қоюларды аудандық (қалалық) соттар қарайды. Егер істің тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және заңды тұлғалар болып табылса – талап қою мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығына жатады.

Азаматтық процестік кодекстің 29-бабына сәйкес, талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша

сотқа беріледі. Жеке тұлғаның, оның ішінде заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тұрғылықты жері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне белгіленген қағидалар бойынша айқындалады. Заңды тұлға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және (немесе) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға құрмайтын ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

Талап қоюшы сотқа жүгінген жағдайда, өзінің талап қоюның соттылығын дұрыс айқындауға, яғни процестік қателікті болдырмау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай сот талап қоюды қарауға құқылы екенін дәлел анықтауы тиіс.

Егер іс осы соттың соттылығына жатпаса, бірінші сатыдағы судья Азаматтық процестік кодекстің 152-бабына сәйкес талап қоюды қайтарады.

Соттылық қағидалары сақтала отырып, соттың іс жүргізуіне қабылданған іс кейіннен ол басқа соттың соттылығына жатқызылса да, сот оны мәні бойынша шешуге тиіс.

Егер тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтінішхат берсе; бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін істі осы сотқа қарау мүмкін болмаса; істі осы сотқа қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары

бұзыла отырып қабылданғаны анықталса және де Азаматтық процестік кодекстің 34-бабында көзделген басқа да негіздер болса, сот істі басқа соттың қарауына береді.

Істі бір соттан екінші сотқа беру – ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін жүргізіледі. Екі тарап та сот айқындаған соттылықпен келісуге жағдайда, олардың жазбаша өтінішхаты бойынша істі бір соттан екінші сотқа беру ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу жүргізіледі.

Азаматтық отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады.

Ведомствалық бағыныстылық бұл құқық туралы дауды немесе басқа заңды істерді белгілі бір органның қарап шешуіне жататындығы, яғни істің нақты бір органға бағыныстылығы.

Ведомствалық бағыныстылық жеке және көпше болып 2-ге бөлінеді. Жеке ведомствалық бағыныстылық дегеніміз – белгілі категориялы істердің тек бір ғана юрисдикция органдарда қарап шешілуі мүмкіндігінің болуы. Көпше ведомствалық бағыныстылық дегеніміз – кейбір категориялы істердің бірнеше юрисдикция органдарында қарап шешілуі. Көпше ведомствалық бағыныстылықтың өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Ол – альтернативті, шаршты, императивті.

Альтернативті ведомствалық бағыныстылық – бұзылған құқық пен заңмен қорғалатын мүддесін қорғау мақсатында субъектінің қай органға шағымдану мүмкіндігін таңдау еркіндігі. Мысалы Әкімшілік құқықбұзушылық ескере отырып, бірақ заң аясында шешім қабылдайды. Сот – жария үдерісті, ал медиация құпиялықты қамтамасыз етеді. Мәлім болған ақпаратты ұсынған тараптардың келісімінсіз жария қылуына жол бермейді.

Кез келген дауды бітімгершілік жолмен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғаны баршамызға белгілі. Медиация туралы заңымыздың аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Бұл халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы екендігі деп түсінгеніміз абзал.

Шарттық ведомствалық бағыныстылық – дауласушы тараптардың өзара келісімі бойынша істі қай органның қарап шешуіне беруі. Мысалы АПК-нің 25-бабы бойынша сотқа бағынысты мүлкілік дау, оған заң актілерінде тыйым салынбаса тараптардың келісімі бойынша аралық соттың қарауына берілуі мүмкін.

Императивті ведомствалық бағыныстылық – бірнеше юрисдикциялық органдарда қатысты азаматтық істердің белгілі бір жүйелілікті сақтай отырып қарап шешілуі. Мысалы 1999 жылы 16 шілдеде қабылданған “ҚР патенттік заңы” бойынша патент беруге қарсылық білдірілген шешімдерге патент алушы апелляциялық советке шағым беруі тиіс. Апелляциялық советтің шешімімен келіспеген жағдайда шешімді алған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей сотқа шағымдануға болады делінген.

Азаматтық істер мәні бойынша сот органдарында қарап шешілуі жататын болса бұл істер сот органдарына ведомствалық бағынысты болып табылады. Егер бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау АПК-де және басқа заңдарға сәйкес өзгеше сот тәртібімен жүзеге асырылмаса, оларды қорғау туралы істерді соттар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды.

**Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық
сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

МЕДИАЦИЯ – АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ЕРЕКШЕ ЖОЛЫ

Медиация – дауды шешудің тиімді тәсілі. Заң дау-дамайлардың тиімді шешілуіне, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральды түрде шаршауына, сонымен қатар жанжалдасушы тараптардың келешек өмірінде бір-біріне деген кек сақтамауына, кемсітпеуіне, өзара кешірім жасауына, адамдардың адамгершілік қасиеттерін арттыруға зор ықпалын тигізетіні сөзсіз. Медиация заңының бұдан қоғамға әкелетін тиімді әсері көп. Теориялық тұрғыдан дұрыс түсінспеушілік туындағанымен, практикалық қолданыста жақсы жағынан әсер ететініне сенімім мол. Жалпы айтқанда медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізбеу мақсатын көздейді.

Медиацияның тағы бір оңтайлы жағы – қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігінде және уақыттың үнемділігінде. Дауды шешу барысында тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, ал медиация барысы өзара ынтымақтастық орнатылып жүргізіледі. Сот шешімді заңға сәйкес қабылдаса, медиатор тараптардың мүдделерін

ескере отырып, бірақ заң аясында шешім қабылдайды. Сот – жария үдерісті, ал медиация құпиялықты қамтамасыз етеді. Мәлім болған ақпаратты ұсынған тараптардың келісімінсіз жария қылуына жол бермейді.

Кез келген дауды бітімгершілік жолмен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғаны баршамызға белгілі. Медиация туралы заңымыздың аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Бұл халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы екендігі деп түсінгеніміз абзал.

**Қанат ЕСХАНОВ,
Қармақшы аудандық сотының
бас маман-сот отырысының хатшысы**



19.06-25.06.2023

Токты (21 наурыз-20 сәуір)

Сіз өзіңіздің тарапыңыздан жаңа дүние ойластырып, ұйымдастыру мен жоспарлауды ұмытпаңыз. Айналыңыздағы адамдар сізге түрлі мәселеде көптеген сурақтар қоя бастауы мүмкін, бірақ сіз мұның бәрине әдеттегіден кем емес жылдам жауап беріңіз керек. Бұл апта сізге күшқат береді. **Құлмоңың!**

Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Көп ойдан шаршасаңыз, ұзақ уақытқа демалыңыз. Өзіңізден ақша үнемдегенді қойыңыз. Қарым-қатынас әртүрлі болуы мүмкін, бірақ кейде дұрыс емес адамдардан гөрі жалғыз қалған да жақсы. Айтпақшы, ыдыстарды жаңалап, кім шафын ескілерден тазартуды ұмытпаңыз. **Босаңсымаңыз!**

Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Сізді жаңа шытырман оқиғалар қызықтыруы мүмкін, бірақ әрбір жаңалықтың екі жағы бар екенін есте сақтаңыз. Сабырлы болуға тырысыңыз және басқалардың сіз туралы айтқандарына мән бермеңіз. Көбірек демалыңыз. Бос сөз, әңгіме-өсектен, құр мақтаннан бойды аулақ салыңыз. **Алаңбаңыз!**

Шаян (22 маусым-22 шілде)

Сіз өз команданыңды жеңіске жетелеуге дайын, нағыз көшбасшы екеніңізді біліңіз. Бірақ бұл жолда сіздің одақтасыңыз бола алатын адамдарды ұмытып кетпеңіз. Бірлікте күш бар екенін есте сақтаңыз және сіздің пікіріңіз сәйкес келмесе де, басқалардың пікірін тыңдауға тырысыңыз. **Ойлаңыз!**

Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Сізге жақындарыңыздың көңіл бөлуі көбейеді. Бірақ сіздің қырсық та қыяр мінезіңіз басқаларды ренжітіп алуы да мүмкін. Қаржыны оңды солды жұмсауды тоқтатқан дұрыс. Тым шектен шықпаңыз. Ерелік әрі басшылық мінезді тежей білсеңіз, бәрі сіз ойлағаннан да жақсы болады. **Қуаныңыз!**

Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)


Осы аптада сіз өзіңізді кез келген тапсырмалар мен қиындықтарға дайын супер ұйымдастырушы ретінде сезінесіз. Бұл жақсы нәрсе. Бірақ алдында жалаудан сақ болсаңыз болғаны. Өйткені, өмір тек жақсыдан ғана құралмайды. Көңіл-күйіңізді басқалардың құртуына жол бермеңіз. **Абайлаңыз!**

Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Әділдік пен өмірдегі тепе-теңдікті табуға деген ұмтылыс кейбір алаңдаушылыққа әкелетінін ескеріңіз. Бірақ ұйымдамаңыз, сіздің әдеттегі ымыраға келу үрдісіңіз жаңжалдарды барынша азайтуға көмектеседі. Сізді ешкім жолыңыздан тайдыра алмайтынын біліңіз. **Алаңдамаңыз!**

Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Осы аптада сіз өзіңізді кез келген жұмбақ пен құпияны зерттеуге дайын нағыз детектив ретінде сезінесіз. Бірақ тіпті ең тәжірибелі детективтер кейде көмекке мұқтаж екенін ұмытпаңыз. Табысқа жету үшін басқалардың көмегіне жүгініп, олардың пікірін тыңдауға рұқсат бермеңіз. **Ұмтылыңыз!**

Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Өзіңізді жаңа биіктерді бағындыруға дайын адам ретінде сезінесіз. Қарым-қатынаста сіз елеулі қиындықтарға тап болуыңыз мүмкін, бірақ үмітті үзбеу керек. «Жақсы көріңіз, келесі жолы жақсырақ дайындалыңыз» деген қағидаңыз есте сақтасаңыз барлығы ойдағыдай болады. **Қуаныңыз!**

Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Осы аптада өзіңізді нағыз бастық ретінде сезінесіз, барлық жауапкершілікті өз мойныңызға алуға және маңызды шешімдер қабылдауға дайын боласыз. Бірақ тіпті ең күшті бастықтарға кейде жұмыстан үзіліс қажет екенін ұмытпаңыз. Бұл сізге расымен керек пе?! **Ойлаңыз!**

Сұқйғаш (20 қаңтар-18 ақпан)

Сіз өзіңізді қақтығыс жағдайында жүргендей сезінуіңіз мүмкін. Бірақ алаңдамаңыз, одан шығу жолы қалай табуға болатынын білесіз. Сіздің әлеуметтік өміріңіз айтарлықтай қарбас болуы мүмкін - қымбат уақытты жоғалтпау және соңғы сәтте бәрін істемей үшін бәрін жасауды ұмытпаңыз. **Қамқорлаңыз!**

Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Бұл күндері сіз өзіңізді судан шыққан балық сияқты сезінесіз. Қарбалас тіршіліктен үзіліс қажет екенін ұмытпаңыз. Ойларыңызды сергіту және энергияны толықтыру үшін достарыңызбен тамаша уақыт өткізіңіз. Демалыстың артықшылығы бар екенін есте сақтаған дұрыс. **Қорықпаңыз!**

ӘДЕП КОДЕКСІ МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік саладағы

мамандардың білім-біліктілігінен бұрын, адамгершілік асыл қасиет пен ананың сүтімен келетін тәлім-тәрбиені де талап ететіміз анық.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөнінде қойылатын негізгі талаптар көзделеді. Бұл ретте, әдептік мінез-құлық шеңбері мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде бекітіліп, оның сақталуын бақылауды әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асырады.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет



пен оның азаматтарының өзара қарым қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өзі «қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады.

Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған әдепті сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен

жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім-кеші, қимыл-әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

А.МЫРЗАҒҰЛОВА

**ТОҚТА
АДАМ
САУДАСЫНА
ЖОЛ ЖОҚ**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
11616



**СТОП
ТОРГОВЛЕ
ЛЮДЬМИ**

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ
11616

**АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ**

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес адам саудасына қарсы «Сенім телефоны»

«Горячая линия - 150», «116 16» жұмыс жасайды.

Шиелі ауданы әкімдігі жанындағы Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссиясы

АУЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗПОШТА БӨЛІМШЕЛЕРІ ONEWEB АРҚЫЛЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Қазпошта OneWeb және Beeline Қазақстанмен жоғары жылдамдықты интернет байланысының әлеуетті қажеттіліктері мәселесі бойынша ұшжақты келісімге қол қойды. Айта кетерлігі, Қазпоштада еліміздегі ең ауқымды филиалдық желі бар және өндірістік нысандардың бір бөлігі интернет желісі тартылмаған шалғай ауылдық жерлерде орналасқан. Қазіргі таңда Қазпошта филиалдық желісіне 2000-ға жуық стационарлық ауылдық пошта байланысы бөлімшелері кіреді, олардың ішінде 340 бөлімше интернетке қосылмаған.

Келісім аясында One Web провайдер ретінде қашықтағы пошта бөлімшелерін жоғары жылдамдықты интернет байланысымен қамтамасыз етуі тиіс. Ал Beeline Қазақстан жобаның техникалық интеграторы болып табылады. Бизнес-серіктестер ынтымақтастықтың жол картасын әзірлей отырып, стационарлық спутниктік абоненттік терминалдарды пайдаланып, сервистік сынақтар жүргізу мүмкіндіктерін зерттеуді көздеп отыр.

«Қазпошта пошта, қаржы, агенттік, цифрлық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, ауылдық пошта байланысы бөлімшелерін дамытуды жалғастырып жатыр. Ауыл тұрғындары мемлекеттік қызметтерді алу үшін, Қазпошта



Азаматтарға арналған үкіметпен бірлесіп отырып, еліміздің алты облысында бірлескен жобаны іске қосты. OneWeb және Beeline Қазақстанмен шалғайдағы ауылдарды интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі келісім ауыл тұрғындары үшін Қазпошта қызметтерін кеңейтетін болады. Сонымен қатар, ауылдағы интернет байланысы білім беру, медицина саласы, түрлі экономикалық қажеттіліктер үшін де қажет. Осылайша пошта бөлімшелері ауыл, елді мекендер мен аудан орталықтарының тұрғындары үшін маңызды мемлекеттік

қызметтерді алатын бірден-бір орталыққа айналады», - деп атап өтті «Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Әсел Жанасова.

«OneWeb, Қазпошта және Beeline арасындағы серіктестік Қазақстандағы байланысты дамытудағы маңызды кезең болып табылады. Өткен жылы Ұлттық ғарыш орталығында және Ақмола облысының ауылдық елді мекендерінде өткен даладағы сынақтардан кейін және елде бұрыннан бері жұмыс істеп келе жатқандықтан, OneWeb ауылдардағы және шалғай аудандардағы инфрақұрылым

мен экономиканы жақсарту үшін, цифрлық алшақтықты жою қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Жоғары өткізу қабілеттілігін және сигналды төмен деңгейдегі кідірісін қамтамасыз ететін, төмен орбиталық спутниктік байланыс желісін орналастыра отырып, мен Қазақстанға спутниктік байланыстың инновациялық технологияларының пайдасын қамтамасыз ету үшін, OneWeb-тің жергілікті серіктестермен ынтымақтастығын жалғастыруды асыға күтетімін», - деді OneWeb бас коммерциялық директоры Стивен Бейнон.

«Біздің басты мақсатымыз – қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті жою. Сол үшін «250+» жобасына белсенді түрде қатысып келеміз. Жобаның арқасында Beeline ұялы байланысы мен жоғары жылдамдықты интернетті жалпы халық саны 1,5 миллионнан асатын Қазақстанның 1500-ден астам елді мекенінде пайда болды. Сондай-ақ, біздің өз «LTE Everywhere» бағдарламамыздың арқасында желіміздің 97%-да LTE желісі қолжетімді болды. Бұл келісімнің мақсаты - Қазақстанның шалғай ауылдарын елдің цифрлық экономикасына қосу және біз мұндай бастаманың технологиялық серіктесі болғанымызға қуаныштымыз», - деді Beeline Қазақстан бас директоры Евгений Настредин.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №131**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**